

А.А.Райымбекова¹ А.А.Ермекбаев²

¹*Қазақ Абылай хан атындағы халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті,
Алматы, Қазақстан, (E-mail:akerke8383@mail.ru)*

²*Қазақ Абылай хан атындағы халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті,
Алматы, Қазақстан, (E-mail:adilbekea@gmail.com)*

ТАУЛЫ ҚАРАБАҚТАҒЫ ҚАҚТЫҒЫС: ҚАЗАҚСТАН ДИПЛОМАТИЯСЫНЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІ

Аңдатпа

Бұл мақала Армения Республикасы мен Әзірбайжан Республикасы арасындағы Таулы Қарабақ аймағын иеленуге қатысты қақтығысты қарастыруға арналған. Екі тәуелсіз мемлекеттің бір-біріне қарсы келуі этникалық, сондай-ақ саяси терең тамыры бар және халықтың өзін-өзі анықтау құқығы мен мемлекеттік территориялық тұтастық сияқты екі негізгі қағидатқа негізделген күрделі қақтығыстардың бірі болып табылады. Автор жұмыста қақтығыстың негізгі себептерін қарастырады. Осы қақтығыстың пайда болуы мен ушығуына әсер еткен факторларға да талдау жасалған. Белсенді әскери әрекеттерден кейін орын алған қақтығысты реттеу әрекеттері де зерттелген. Мақалада осы қақтығысты реттеу үдерісіне қатысатын халықаралық қатынастар акторларының іс-әрекеттері мен мүдделері де баяндалады. Сондай-ақ Қазақстанның да дипломатиялық тәжірибесі сипатталып, Таулы Қарабақ қақтығысын реттеуде Қазақстанның саясатына баға беріледі.

Түйін сөздер: Таулы Қарабақ, қақтығыс, Қазақстан, медиатор, қақтығысты реттеу.

A.Raiymbekova¹ A.A. Ermekbaev²

¹*Kazakh Ablai khan University of International Relations and World Languages,
Almaty, Kazakhstan, (E-mail:akerke8383@mail.ru)*

²*Kazakh Ablai khan University of International Relations and World Languages,
Almaty, Kazakhstan*

NAGORNO-KARABAKH CONFLICT: OPPORTUNITIES FOR KAZAKHSTAN'S DIPLOMACY

Abstract

This article is devoted to the conflict between the Republic of Armenia and the Republic of Azerbaijan on the ownership of the mountainous Karabakh zone. The confrontation between the two independent States is one of the complex conflicts that have both ethnic and political roots and are based on two basic principles, such as the right of the population to self-determination and state territorial integrity. The author considers the main causes of conflict in the work. The factors that influence the emergence and exacerbation of this conflict are also analyzed. Actions to resolve the conflict that occurred after active military actions were also studied. The article also describes the actions and interests of actors in international relations involved in the settlement of this conflict. The article also describes the diplomatic experience of Kazakhstan, and considers the policy of Kazakhstan to resolve the conflict in Nagorno-Karabakh.

Key words: Nagorno-Karabakh, conflict, Kazakhstan, mediation, settlement.

А.А.Райымбекова¹ А.А.Ермекбаев²

¹*Казахский университет международных отношений и мировых языков имени Абылай хана,
Алматы, Казахстан, (E-mail:akerke8383@mail.ru)*

КОНФЛИКТ В НАГОРНОМ КАРАБАХЕ: ВОЗМОЖНОСТИ ДЛЯ КАЗАХСТАНСКОЙ ДИПЛОМАТИИ

Аннотация

Данная статья посвящена рассмотрению конфликта между Республикой Армения и Азербайджанской Республикой о владении горной Карабахской зоны. Противостояние двух независимых государств является одним из сложных столкновений, которые имеют как этнические, так и политические корни и основаны на двух основных принципах, таких как право населения на самоопределение и государственная территориальная целостность. Автор рассматривает основные причины конфликта в работе. Анализируются и факторы, влияющие на возникновение и обострение этого конфликта. Изучены также действия по урегулированию конфликта, произошедших после активных военных действий. В статье излагаются также действия и интересы акторов международных отношений, участвующих в процессе урегулирования данного конфликта. Также охарактеризован дипломатический опыт Казахстана, и рассмотрена политика Казахстана по урегулированию конфликта в Нагорном Карахе.

Ключевые слова: Нагорный Карабах, конфликт, Казахстан, посредничество, урегулирование.

Кіріспе

Қырғи қабақ соғыс аяқталғаннан кейін қалыптасқан қазіргі халықаралық жүйенің дамуы жаңа кезеңге аяқ басты. Оның көрінісі Таяу Шығыстағы жағдайлар мен посткеңестік кеңістіктегі орын алып жатқан үрдерістерден байқалады.

Тәуелсіз мемлекеттер достастығы құрамындағы мемлекеттердің территориясында бастау алған, ушыққан және орын алған аймақтық қақтығыстар Қазақстанның ұлттық қауіпсіздік жүйесіне де айтарлықтай қауіп төндіреді.

Әзербайжан Республикасы мен Армения Республикалары арасындағы Таулы Қарабақ аймағындағы қақтығыс саяси және гуманитарлық салдары жағынан посткеңестік кеңістіктегі аймақтық қақтығыстардың ішіндегі ең алғашқылардың бірі және ең ауқымдысы болып табылады. Әлемдік тарихтағы ауқымы мен маңыздылығынан басқа, бұрынғы Кеңес Одағы шеңберіндегі этникааралық қатынастарды тұрақсыздандырудың өзіндік ошағы ретінде саналатын Таулы Қарабақ қақтығысы классикалық конфликтология тұрғысынан бірқатар ерекше сипатқа ие.

Зерттеудің мақсаты Таулы Қарабақ қақтығысын реттеудегі Қазақстанның мүмкіндіктерін қарастыру болып табылады.

Әдістемелік негізі жалпы сипаттағы ғылыми әдістерден, оның ішінде сипаттау мен түсіндіруден, талдау мен синтезден және тарихи-саяси талдау әдісінен тұрады.

Қазіргі әлемде болып жатқан оқиғалардың тез дамып келе жатқанын және тез тарихтың меншігіне айналатындығын ескере отырып, біз өз жұмысымызда арнайы тарихи әдістерді, соның ішінде тарихи-генетикалық, проблемалық-хронологиялық және текстологиялық әдістерді де қолдануға болатындығын ескердік.

Мақалада тарихи-генетикалық әдістің қолданылуы халықаралық қатынастар мен әлемдік саясатта орын алып жатқан оқиғалардың барлығы бірден тарихи оқиға қатарына ұласып кетіп жатқан жағдайда ішкі және сыртқы саясат, экономика және әлеуметтік салаларда шешімдер қабылдауға ықпал еткен әртүрлі факторларды салыстыруға мүмкіндік бергенімен түсіндіріледі.

Қақтығыс тарихы

«Таулы Қарабақ мәселесінің» басты себебі Әзербайжан Республикасы мен Армения Республикалары арасындағы территориялық мәселелердің шешілмеуінен туындап отыр. Закавказье – тағдырдың қалауымен мәдениеті мен шығу тарихы әртүрлі болып табылатын халықтардың қатар қоныстанған «тар аймақ» болып табылады. Бұл аймақта қоныстанған халықтар бір-бірін түсінісуден, бір-бірінің жағдайына кіруден және әлемге деген көзқарастарымен алмасудан алшақ, керісінше өзара өштесіп, бір-бірінің жағымсыз образдарын жасауға бейім. Әзербайжандықтар мен армяндар мәдени, психологиялық және діни тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын халықтар.

Өткен ғасырдың 1988 жылында сол кездегі КСРО-ның саяси кеңістігінде бастау алған Таулы Қарабақ аумағындағы қақтығыс, кеңестік үкімет ыдырағаннан кейін пайда болған жаңа тәуелсіз мемлекеттердің Әзербайжан Республикасы мен Армения Республикаларының өзара қарым-қатынасының басты мәселесіне айналды. Сонымен қатар, осы мәселенің салдарынан жаңадан қалыптасқан қос дербес мемлекет тәуелсіздігінің бастауында қанды қақтығысқа тап болды. Көптеген көрсеткіштерге сүйенсек, бұл қақтығыс 40 мыңнан астам адамның өмірін қиды [1, 15].

Бұл көрсеткіш бейбіт тұрғындар арасындағы зардап шеккендер мен құрбан болғандардың санын көрсетпейді, тек қақтығысушы тараптардың әскери адамдарының шығындарын қамтиды. Қарулы іс-қимылдар 1994 жылдың 12 мамырында Ресейдің белсенді араласуымен тоқтатылған болатын, бірақ осы жағдайды тұрақтандыруға және реттеуге ұмтылған қақтығысушы тараптар мен өзге де халықаралық бейтарап елдердің әрекетіне қарамастан осы мәселе бойынша бүгінгі күнге дейін саяси шешім қабылданған жоқ.

Осындай жағдайдың салдарынан екі мемлекет арасында «не соғыс емес, не бейбіт емес» жағдай орын алуда, елдер арасында дипломатиялық қатынас орнатылмаған, мемлекеттер арасындағы ортақ шекара майдан сызығына айналған, екі мемлекетті өзара және өзге елдермен байланыстыратын транспорттық және өзге де коммуникация жолдары оқшауланған. Таулы Қарабақ қақтығысына қатысты кейбір ықпалды мемлекеттердің әр түрлі ұстанымдарын ескерсек, бұл мәселе аймақтағы шиеленістің ошағына айналуға. Яғни, әлемдік державалардың бірінші кезекте АҚШ пен Ресейдің геосаяси және экономикалық мүдделерінің қақтығысу алаңына айналып отыр.

Қақтығыстың қашан да нақты және ұтымды себебі болады. Оның негізгі бастамасы болады. Сондықтан Қарабақ қақтығысының логикасын, динамикасын және себеп-салдарын анықтап көрейік.

Сырттай қарасақ күрделі мәселе емес сияқты. Таулы Қарабақ автономды облысы (НКАО) бар, тұрғылықты халқының басым көпшілігі армяндықтар болғанымен, территориялық жағынан Әзербайжан құрамында болып саналады [2, 50]. Басты рөлдерде Ресей, Түркия, Иран сияқты ықпалды көрші мемлекеттер болып табылады.

Қақтығыс басталған күннен, көршілес мемлекеттер кезекпе кезек бейбітшілікке шақырып, өздерін осы қақтығыстың медиаторлары мен кепілгерлері ретінде ұсынып, шексіз келіссөздер жүргізді.

Расымен де көршілес мемлекеттер Таулы Қарабақтағы бейбітшілікті қалайды ма және олардың әрекеттері бейбітшілікке бастайды ма? Әзербайжандық және армяндық басшылықтардың ресми ұстанымдары мен ғылыми зерттеу жұмыстарына сүйене отырып төмендегідей ой түйіндеуге негіз болады.

Таулы Қарабақтағы қақтығыс және аймақтық күштер

Иран. Әзербайжан мен Иран арасында бірнеше мәселелер бар. Басты мәселе – Иранның Таулы Қарабақ қақтығысына деген көзқарасы. Бір жағынан Әзербайжанның территориялық бір тұтастығын мойындайды [3]. Екінші жағынан, Иран Армения Республикасымен одақтас мемлекет, сондықтан бұл жағдай Иранның Таулы Қарабақ қақтығысын реттеуде Әзербайжан Республикасына ықтимал қарсылас етеді. Тағы бір мәселе, Иран территориясында түп тамыры әзербайжандық 30 миллионға жуық азамат қоныстанған. Иран кез-келген жағдайда территориясындағы әзербайжандық диаспорасына ықпал ете алатын тәуелсіз Әзербайжанның мүмкіндігін сезеді және оған жол беруді қаламайды. Және де, Таулы Қарабақ мәселесі шешілгеннен кейін де Әзербайжан тарапынан Иранға Оңтүстік Әзербайжанмен бірігуді талап етуі мүмкін деп қауіптенеді. Иранның Қарабаққа қатысты саясаты қарама-қайшылықты, бұл өз кезегінде Иранның Таулы Қарабақ жанжалын реттеуге бағытталған саясатын күрделендіреді. Сондықтан да Иран объективті ұстанымға ие емес және Армения мен Әзербайжан арасындағы қақтығысты теңестіруге тырыспайды.

Түркия. Түркия Әзербайжан елін тек өзінің жақтасы ретінде ғана емес, «кіші бауыр» ретінде санайды және Түркия Әзербайжанға қатысты өз саясатын дамытуға ниетті. Әзербайжан да өз кезегінде Түркия елінің маңызды геостратегиялық және экономикалық мүдделеріне ортақ және Кеңестік Одақ ыдырағаннан кейін Түркия тек Әзербайжанның ғана емес, бүкіл Каспий өңірінің саяси, экономикалық және мәдени ортасына әсер ете отырып, өңірлік дамуда жетекші рөл атқарады деп санайды. Аймақтағы бейбітшілік пен тұрақтылықты бекіту үшін Әзербайжан екіжақты және көпжақты келісімдер арқылы Түркиямен жақын қарым-қатынасты орнатуды жалғастыруда. Екі мемлекеттің саяси көшбасшылары екі жақтық қарым-қатынасты «бір ұлт, екі мемлекет» деп ұсынады. Екі мемлекетті ортақ тарих, мәдениет, дін мен құндылықтар біріктіреді,

және сыйластықтың басты бастамасы бұл Түркияның Әзербайжан тәуелсіздігін бірінші мойындаған ел болуында. Түркия сондай-ақ босқындар мен мәжбүрлі қоныс аударушылар үшін жағдайды жақсартуға Әзербайжанға көмек көрсетуде.

Ресей. Ресей әлемнің кепілгері болуға ұмтыла отырып, қарқынды бітімгершілік қызметін дамытуды қалайды. Алайда, посткеңестік Ресей - бұл әсіресе жақын шетелге қатысты саясаты тұрақсыз және ретсіз қоғам болып саналады.

Сонымен бірге, Ресейде Закавказьедегі әлем Ресейдің қамқорлығында болуы керек деген жалпы пікірден басқа, бұл әлем қандай болу керектігі туралы басқа да айқын идеялар жоқ сияқты. Ресей басшылығының «жанашырлық» ұстанымдары да біржақты емес. Армения жағында – «демократтар» мен «либерал демократтар» жанашырлар болып табылады және қарапайым ұстаным қалыптасқан Ресеймен шекараласпаған және көршілерімен қақтығыс жағдайындағы Армения Кавказдағы Ресейдің геосаяси одақтасы болып табылады.

Әзербайжан да Ресейді аймақтағы басты күшті саяси ойыншы деп санайтынын мойындауымыз керек, дегенмен, Әзербайжанның Ресеймен қарым-қатынасының дамуы «зигзак» түрінде деп сиппатауға келеді. айта кету керек, Әзербайжан – өз территориясынан ресейлік әскери күштерінің шығарылуын талап ете алған аймақтағы бірден бір мемлекет. Алғашқыда, Ресеймен байланыс жақсы болмады. Бұл Каспий теңізінің заңды статусына қатысты Ресейдің ұстанымына байланысты болды. Ресей Әзербайжанның Каспий теңізіне қатысты бекіткен барлық контракттарын халықаралық құқық принциптеріне қайшы деп жариялап қарсы шығып отырды. Дәл сол кезде Ресей Таулы Қарабақ қақтығысында Армения ұстанымын қолдады. Дегенмен, Әзербайжан мен Ресей арасындағы байланыс жақсара бастады, әсіресе бұл билікке Владимир Путиннің келуінен кейін байқалды. Елдің Каспий теңізі мәртебесіне деген көзқарасындағы өзгеріс – қатынастарды жақсартудың бір мысалы болып саналады. Қазақстан, Ресей және Әзербайжан 2003 жылдың қыркүйегінде Каспий теңізінің солтүстік бөлігін бөлу жөніндегі келісімге қол қойды [4, 96].

Ресейлік мұнай компаниялары Әзербайжан қол қойған энергетикалық келісімшарттарға қатысуда және оларға мұнай келісімдерінен үлестер беріліп отыр. Ресми емес мәліметтер бойынша, Ресейде 2 миллионнан астам әзербайжандықтар жұмыс істейді. Бұл фактор осы екі елдің өзара тәуелділігін айғақтайды.

Біз белгілі бір дәрежеде көршілес елдердің ұстанымдарын анықтауға тырыстық. Біздің ойымызша, барлық бітімгершілік белсенділіктеріне қарамастан, көршілес мемлекеттер өкінішке орай, бітімгершіл ел бола алмады. Ұстанымдарының айқынсыздығы, бітімгершілік саясаттарының нақты қағидаларының болмауы, симпатия мен антипатияның орын алуы Армения мен Әзербайжан арасындағы қол жеткізілген қарулы қақтығыстарды тоқтату режимін сақтау емес, керісінше қақтығысты жалғастыруға итермеледі.

Мәскеу мен Анкара қарама-қарсы ұстанымдар болған Таулы Қарабақ мәселесін шешуге Ресей мен Түркияның көзқарастары әртүрлі. Өткен ғасырдың аяғында Мәскеудің шешен компаниясы да қайшылықтың кезекті түйіні болды. Мәскеудің 1990 жылдары Анкараның шешен соғысушыларын қолдауы туралы күдігі екі ел арасындағы сенімсіздік пен шиеленістің өсуіне ықпал етті деуге толық негіз бар. Ресей мен Түркияның бірқатар халықаралық проблемалар бойынша бірқатар келіспеушіліктері бар, Ресей мен Түркияның аймақтық мүдделері Сирияда елеулі дүние түрде таралуда, Украина мен Қырымға, сонымен қатар Оңтүстік Кавказ проблемаларына, атап айтқанда Таулы Қарабаққа қатысты көптеген келіспеушіліктер де бар екендігін ескеруіміз қажет.

Сол себепті, Қазақстанның Таулы Қарабақ мәселесін бейбіт жолмен шешуге делдал ретінде болуына толық негіз бар. Қазақстан Ресей мен Түркияға қарағанда Таулы Қарабақ мәселесінде амбициялары немесе біржақтылы мүдделері жоқ, Қазақстан дипломатиясы ұлттық мүдделесі және экономикалық қажеттілігінен туындайды. Қазақстанның Армения мен Әзербайжанға қатысты саясаты көпвекторлы, қарсыласушы тараптардың біріне үстемдік бермейтіндігі анық.

Қақтығысты шешуде Қазақстанның әрекеттері

Айта кету керек, 1991 жылдың өзінде Қазақстан Ресеймен бірге Әзербайжан мен Армения арасындағы қақтығысты шешудің алғашқы қадамдарын жасады. Осыған орай, 1991 жылдың қыркүйегінде Ресей мен Қазақстан президенттері Б.Ельцин мен Н.Назарбаев мемлекеттік ведомстволардың өкілдерімен бірге Бакуге, Ереванға және Степанакертке барды. Осы сапарлардың нәтижесінде 1991 жылдың 23 қыркүйегінде Железноводскіде Ресей, Қазақстан және Армения мемлекет басшылары «Ресей Федерациясының Президенті Б.Н. Ельцин мен Қазақстан Республикасының Президенті Н.А. Назарбаевтің делдалдық миссиясының нәтижелері туралы бірлескен коммюникеге» қол қойды, онда шешілуі қажет мәселелердің тізімі жарияланды [5, 201].

Алайда Железноводск коммунистесі Таулы Қарабақтың мәртебесі туралы болған жоқ, тек қарулы қақтығысты тоқтату және қақтығыс аймағынан әскерлерді шығару туралы ережелер мазмұндалды.

Көптеген жылдар өткен соң, 2010 жылы ЕҚЫҰ-ға төрағалық еткен Қазақстан тағы да өзінің медиациялық қабілеттерін көрсетуге және осы қақтығысты шешу процесін нәлдік нүктеден жылжытуға мүмкіндік алды.

Қазақстан – қақтығысушы тараптардың екеуімен де тең қарым-қатынастағы ел, сондықтан Қазақстанның Армения мен Әзірбайжан арасындағы қақтығысты реттеуге көмектесу әрекеті әлемдік қауымдастықтың алдында сауатты медиатор ретінде салмақты беделге жетеледі.

Ресей мен Қазақстан басты рөлге ие және Путин мен Назарбаевтың жеке беделдерінен қалыптасқан Таулы Қарабақ қақтығысын реттеу форматы Бакуға да, Ереванға да қолайлы. Тіпті ұзақ мерзімді болашақта да бұл мәселенің басқа шешімі жоқ. Яғни, тек қақтығысты тоқтату керек. Әрине, кейбір арандатушылықтарды жоққа шығаруға болмайды, бірақ Кавказды үлкен соғыс қарсаңында деп айтуға негіз жоқ.

Әзірбайжанмен тығыз қарым-қатынастық жағдайға қарамастан, Қазақстан басшылығы қақтығыс тараптарының біріне қолдау ретінде саналатын қадамдардан аулақ және бейтарап ұстанымды сақтайды. Бірнеше жыл бұрын Нұрсұлтан Назарбаев Әзірбайжанның жағында «ойнады» (2014 ж. мамырында Арменияны ЕАЭО-ға Таулы Қарабақсыз қабылдауға болады деген мәлімдемесін айтқым келеді), бірақ Астананың бұдан кейінгі әрекеттері қақтығысушы тараптардың бірін қолдауға бағытталмағанын көрсетті. Мұндай бейтарап және сындарлы бағыт болашақта да Қазақстанның дипломатиясына тән болады деп санаймын.

Қорытынды

Жалпы алғанда, Қазақстан өзінің сыртқы саясатындағы көпвекторлы сипаттағы қағидаттарды ұстанады. Сонымен бірге, белгілі бір факторлардың әсеріне, мысалы, ұзақ мерзімді перспективада белгілі бір сыртқы саяси серіктестермен қарым-қатынас форматын анықтайтын геосаяси әсерге немесе қысқа мерзімді нарықтық мәселелерді шешу қажеттілігіне байланысты, бұл көп векторлы тәсіл көбінесе белгілі бір түзетулерге ұшырайды. Осыған байланысты жалпы саяси басымдылық Ресейге қарай бағытталған. Ал мәселен, соңғы жылдары энергетика саласындағы халықаралық ынтымақтастықта Қытаймен қатынастарда басымдылық байқалады. Ал бір жағынан, Қазақстанның сыртқы және сыртқы экономикалық саясаты толығымен аталған мемлекеттермен немесе басқа да халықаралық аренадағы «ойыншылардың» мүдделеріне сәйкес келеді деп нақты айту мүмкін емес.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Аббасов А. С., Хачатрян А. Т. *Карабахский конфликт: варианты решения: идеи и реальность.* – Москва, 2004. – 186 стр.
2. *Конфликт в Нагорном Карабахе: Сборник статей.* – Баку: Азернешир, 1990. – 272 стр.
3. Гаджиев К.С. «Большая игра» на Кавказе. *Вчера, сегодня, завтра.* - М.: Международные Отношения, 2010. - 344 стр.
4. Калюжный В. И. *Каспийская политика России // Дипломатический ежегодник.* – 2002. – М.: Научная книга, 2003. -
5. Гурушкин Ю. *Карабахский конфликт. Первые попытки переговоров: ошибки и достижения посредников // Известия Российского государственного педагогического университета им. А.И. Герцена.* - 2009. - №108. - С. 198-202.